

«БҰЛАҚТАР» халықаралық жобалардың байқауы Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласы

2013 жылғы 13-17 желтоқсанда Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында өткен «БҰЛАҚТАР» халықаралық жобалардың байқауына Алматы қаласының Жас натуралистер станциясының жас натуралистер тобы жіберілді.

Байқаудың мақсаты – мұғалімдер, тәрбиешілер, оқушылар, тәрбиеленушілер мен ата-аналар қатыстырылған үздік бірлескен жобаларды анықтау, көпшілікке тарату және қолдауды іске асыруда заманауи педагогикалық жетістіктер мен инновациялар қолдану.

Қазақстан Республикасын келесі құрамдағы делегация таныстырды:

- 1) Иманбеков Адильбек, Алматы қаласындағы № 60 гимназия білім алушысы;
- 2) Карев Данил, Алматы қаласындағы № 13 орта мектеп білім алушысы;
- 3) Солтанай Жәнібек, Алматы қаласындағы № 154 орта мектеп білім алушысы;
- 4) Пасечникова Ника, Алматы қаласындағы Халықаралық бизнес Академия колледжінің студенті;
- 5) Спатарь Екатерина, Алматы қаласындағы № 35 гимназия білім алушысы;
- 6) Ударцева Елена Рустемовна – Алматы қаласының Жас натуралистер стансасының әдіскері, балалар тобының жетекшісі;
- 7) Айбусынова Айгуль Шынгысовна – Республикалық қосымша оқу-әдістемелік орталығының ғылыми-техникалық, экологиялық-туристік бағыттағы бөлім әдіскері.

Байқауға «Жетісу – біздің өлке» жобасы ұсынылды, оның мақсаты табиғи кешендер мен Жетісудың өткен тарихын тану, туған өлкеге деген сезімге тәрбиелеу. Жоба қорғау кезінде Алматы облысының табиғатында оқушылардың қызметі мен ата-аналарының жобаны іске асырудағы суреттерімен сүйемелденді.

Жобалар келесі критерийлер бойынша бағаланды: өзектілік, тәжірибелік мәнділік, «Мұғалім - ата-ана - мұғалім» байқауының негізгі принциптерін ашу, ақпараттық жағынан толық қамтамасыз етілу және әр түрлі білім беру ұйымдарында енгізу мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасының жас натуралистер командасы «БҰЛАҚТАР» халықаралық жобалар байқауының 1-ші дәрежелі дипломымен марапатталды.

Байқаудың барлық қатысушыларына қала және Павловск қаласы бойынша шолу экскурсиясы және мәдени бағдарламалар ұйымдастырылды. Жас натуралистер Эрмитаж, Кунсткамера, Зоологиялық мұражай, Океанариумға саяхат жасалынды.